

**«Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы»
тақырыбында алынған әлеуметтік сауалнама қорытындысы**

Ақпан айының 18-і күні 8 - 10 - сынып білім алушыларынан «Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама алынды. Сауалнама жасырын түрде өтті.

Шарты: берілген сұрақтарға өз ойын жеткізу.


Қатысқаны: 125 білім алушы

Сауалнама төмендегідей нәтиже көрсетті:

1. Күнделікті өмірде парақорлық қалай таралады деп ойлайсың?

Білемін – 80 – 64 %


Білмеймін – 45 – 36 %



2. Соңғы екі жылда парақорлықтың деңгейі қаншалықты өзгерді деп ойлайсың?

Білемін – 51 - 41 %


Білмеймін – 74 - 59 %



3. Қандай басты себептермен сыбайлас жемқорлық таратылады?

Білемін – 67- 54 %

Білмеймін – 58 - 46 %



4. Сенің жоғарғы оқу орнына түсуің неге байланысты?


Білімге – 92 - 74 %

Ақшаға – 5 - 4 %

Сәттіліктен – 10 - 8 %

Таныс – тамырға – 2 – 1 %


Білмеймін – 16 - 13 %



5. Сені біреу ақша жинауға қысым жасай ма?

Ия –


Жоқ – 125 - 100 %



6. Сыныбыңда ақша жинала ма?

Ия – 2 – 1,6 %

Жоқ – 123 - 98,4 %



Қорытынды:

«Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы» тақырыбында алынған әлеуметтік сауалнамаға 125 білім алушы қатысып, берілген сұрақтарға жауап берді. Күнделікті өмірде паракорлықтың қалай таралатыны туралы, жалпы сыбайлас жемқорлық туралы түсінігі бар екені байқалды. 92 білім алушы яғни 74%- ы білімге сенетіндігін, 1 % таныс – тамырға, ақшаға - 4 %, сәттіліктен - 8 % , 13 % - білмейтіндігін көрсетті. Ақша жинауға қысым жасай ма? – деген сұраққа 100% «жоқ» деген жауап берді. Ақша жинау туралы 1,6 %-ы «ия» деп жауап берді.

Ұсыныс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты түсіндіру , ағарту шараларын жүргізу.

«Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы» тақырыбында алынған әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша түсіндіру жұмыстарының анықтамасы

25 ақпан күні 8 - 10 - сынып білім алушыларынан «Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қатынасы» тақырыбындағы әлеуметтік сауалнама қорытындысы нәтижесінде білім алушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық білім саласында –жеке пайда көру үшін қызметтік жағдайын пайдалану, білім алуға, оның сапасына, әділдігіне, зияткерлік адалдыққа барынша ықпал етеді. Кез келген билік мекемелерінде жемқорлыққа жол берілмеуі тиіс.

«Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді..... Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан –дегеніміз, ынсап, әділет, мейірім» - деп Шәкәрім өзінің үш анықтың не екенін айқындап берген. Адам бойында адалдық пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек. Шәкәрім адалдық туралы: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Ғибадат пен пен адалдық ар үшін жи, - деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөлген. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді. Білім алушыларға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мен қандай үлес қоса алам...» сөйлемін аяқтау арқылы өз ойын айту ұсынылды.